Қазақстан Республикасы - Республика Казахстан

Құрылтай жиналысының
азаматтар-бастамашыларының хаттамасымен
БЕКІТІЛГЕН,
2023 ж. «30» 01 №1 хаттама

УТВЕРЖДЁН
Протоколом Учредительного собрания
граждан-инициаторов,
№ 1 от «30» 01 2023 г.

Қазақстан Республикасының
Әділет Министрлігі
Алматы облыстық Әділет
департаменті
Заңды тұлғаға мемлекеттік
тіркеу жүргізілді
2023 ж. «07» 02
БСН 230240010665

**«Мейірімділік хикаясы мүгедектер ұйымы»**
**ҚОҒАМДЫҚ БІРЛЕСТІГІНІҢ**
**ЖАРҒЫСЫ**

**УСТАВ**
**ОБЩЕСТВЕННОГО ОБЪЕДИНЕНИЯ**
**«Организация инвалидов Мейірімділік хикаясы»**

Қоянқұс ауылы – село Коянкус

## 1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1.1 «**Мейірімділік хикаясы мүгедектер ұйымы** қоғамдық бірлестігі, осыдан әрі "Бірлестік" деп аталады, азаматтардың өз еркімен, олардың қоғамдық көзқарастары және мүдделерінің жақындығы негізінде құрылған.

1..2 Бірлестік мемлекеттік тіркеуден өткен күнінен бастап заңды тұлға құқығына ие болады және өз қызметін Қазақстан Республикасының Конституциясы, Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексі, Кдзақстан Республикасының 31.05.1996 ж. "Қоғамдық бірлестіктер туралы" және 16.01.2001 ж. "Коммерциялық емес ұйымдар туралы" Зандары, өзге де нормативтік құқықтық актілері шеңберінде осы Жарғыға сәйкес жүзеге асырады.

1.3 Бірлестіктің мәртебесі – Алматы облысы аумағында қызмет жүргізетін жергілікті қоғамдық бірлестік. Бірлестікте құрылымдық бөлімшелері (филиалдары мен өкілдіктері) жоқ.

1.4 Бірлестіктің атауы:

мемлекеттік тілде: «**Мейірімділік хикаясы мүгедектер ұйымы** қоғамдық бірлестігі, қысқаша «**Мейірімділік хикаясы МҰ** » ҚБ;

орыс тілінде: Общественное объединение «**Организация инвалидов Мейірімділік хикаясы**», қысқаша ОО «**ОИ Мейірімділік хикаясы**».

**1.5 Бірлестіктің тұрған жері (мекенжайы): Қазақстан Республикасы, Алматы облысы, Іле ауданы, Байсерке ауылдық округі, 040797, Қоянқұс ауылы, А.Иманов көшесі 114 үй.**

1.5 Бірлестіктің қызмет жүргізу мерзімі шектелмеген.

## 2. ҚЫЗМЕТІНІҢ МАҚСАТТАРЫ ЖӘНЕ МӘНІ

2.1 Бірлестік қызметінің мақсаттары:

адамдар мен мүгедектерге арналған жұмыс орындарын қолдау және қамтамасыз ету;

мүгедектердің құқықтары мен заңды мүдделерін қорғау;

мүгедектер қоғамның барлық салаларына қатысу үшін басқа азаматтармен тең мүмкіндіктерге қол жеткізу;

мүгедектерді қоғамға біріктіру;

мүгедектерге лайықты табысқа қол жеткізуге көмектесу.

2.2 Бірлестіктің қызметінің мәні:

аймақта және ұйымдарда мүгедектердің проблемаларын шешуде Алматы облысы өкілеттігі және атқарушы билік органдарымен тұрақты әрекет жасау;

аймақ мүгедектерін әлеуметтік қорғауға байланысты заңнамалық және өзге де нормативтік актілерді әзірлеуге қатысу;

қоғамның мүгедектерге деген оң көзқарасын қалыптастыруға жәрдемдесу, қоғамды мүгедектердің жағдайы туралы хабардар ету;

аймақтық деңгейде, әлеуметтік бағдарланған экономиканы қалыптастыруда қолдау көрсету және өңір мүгедектерін әлеуметтік қорғау үшін ұтымды механизм ді дайындауға қатысу;

Алматы облысы қаласы мүгедектерінің заңды түрде белгіленген құқықтарын, жеңілдіктері мен артықшылықтарын іске асыруда медициналық көмек пен білім алуға, жұмысқа орналасуға, материалдық, тұрғын үй және тұрмыстық өмір сүру жағдайларын жақсартуға ат салыстыру; шығармашылық қабілеттерін дамытуға, дене шынықтыру және спортпен айналысуды дамытуға жәрдемдесу;

аймақтық деңгейде мүгедектерді медициналық, кәсіби және әлеуметтік оңалтуда, өзінің және басқа құрылымдар, ұйымдармен бірлескен бағдарламаларды, сондай-ақ қайырымдылық бағдарламаларын жүзеге асыру;

өңірде мүгедектер проблемалары бойынша ғылыми зерттеулерді ұйымдастыруға жәрдемдесу және оларға қатысу;

шаруашылық қоғамдар мен серіктестіктерді құру және олардың қызметіне қатысу, жарғылық мақсаттар мен міндеттерді қамтамасыз етуге бағытталған кәсіпкерлік, сыртқы экономикалық және заңға қайшы келмейтін өзге де қызметті жүзеге асыру;

мүгедектер мен мүгедектер ұйымдарының халықаралық байланыстары мен қарым-қатынастарын, қазақстандық және халықаралық туризмді дамыту;

мүгедектерді әлеуметтік қорғау және оңалту мәселелеріне байланысты өзге де міндеттерді орындау;

Қазақстандық мүгедектер қоғамының мақсаттарын іске асыруда билік органдарымен, саяси және қоғамдық ұйымдармен, демеушілермен және волонтерлермен бірлесіп әрекет жасау;

қамқорлықтағы азаматтарды әлеуметтік қолдау аясында ұзақ мерзімді, әрі мақсатты бағдарламаларды әзірлеу және оларды іске асыру;

қамқорлықтағы азаматтардың өмір сүру сапасын арттыруға жәрдемдесу;

оларды қорғау және қажетті құқықтық ақпаратпен қамтамасыз ету;

ақпаратқа қол жеткізу жүйесін құру (компьютерлік сынып және Интернет-клуб жұмысын ұйымдастыру);

дене шынықтыру-сауықтыру және спорттық бағдарламаларды іске асыруға қатысу;

жұмысқа орналастыру кезінде, үйде отырып жұмыс істеуді ұйымдастыруда тиісті шаралар қабылдауға жәрдемдесу (дербес компьютерлерде қашықтықтан жұмыс істеу, үйде қолданбалы өнер заттарын дайындау және т. б.);

қажетті еңбек жағдайларын және қолайлы жұмыс істеу режимін жасауға, құрылтайы бар, немесе қаланың жұмыс істеп тұрған кәсіпорындары, ұйымдары мен кәсіпорындарына жұмысқа орналасуға көмек көрсету (оның ішінде: толық емес жұмыс күні, жұмыс аптасы).

Денсаулық мүмкіндіктері шектеулі адамдардың мүдделерін қорғау:

білім алуда;

денсаулық сақтауда;

жұмысқа орналастыруда және еңбек ету қызметінде;

оңалтудың формасы мен әдістерін, техникалық оңалту құралдары туралы түсіндіру жұмыстарын жүзеге асыруда (Оңалту және реабилитацияның жеке бағдарлама);

бос уақытты, демалысты, спортты ұйымдастыруда;

қоғамдық қызметке кіруде;

оңтайлы қолжетімділік ортаны ұйымдастыруда (қолжетімділік мәніне сай әлеуметтік маңызы бар объектілерге сараптау және мониторинг жүргізу).

Қамқорлықтағы азаматтардың бос уақытын ұйымдастыруға жәрдемдесу:

волонтерлерді тарта отырып, жалғыз басты адамдардың үйіне баруға;

олардың қызығушылықтарын ескере отырып, үйірмелердегі сабақтарға, сондай-ақ үйірмелер мен секциялардағы сабақтарға тартуға;

балалар мен жастардың проблемалары бойынша;

арбамен жүретін мүгедектер мәселесі бойынша.

Волонтерлер тобын құру:

қамқорлықтағы жалғыз басты азаматтарға бару үшін және оларға үйде қажетті көмек көрсету үшін;

қамқорлықтағы азаматтардың бос уақытын ұйымдастыру үшін.

2.3 Бірлестік өзінің жарғылық мақсатына жету үшін Қазақстан Республикасынның заңдарына сәйкес өзінің жарғылық мақсаттарына сай келуіне қарай кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға құқылы. Бірлестік кәсіпкерлік қызметінен алған табыстар мен шығындарды есепке алады.

## 3. БІРЛЕСТІКТІҢ МҮЛКІ

3.1 Бірлестікте жалпы және айналым қаржысынан және басқа да байлықтан тұратын оңашаланған мүлкісі бар, олардың бағасы оның балансында қамтып көрсетіледі.

3.2 Бірлестіктің мүлкін құрылу көздері болып заңды актілеріне сәйкес ақшалай және басқа да түрдегі:

Бірлестіктің мүшелерінен түскен түсімдер;

өз еркімен салынған жарналар мен жәрдем;

заңда белгіленген жағдайларда тауаларды сатудан, жұмыс және қызмет көрсетуден түскен түсімдер (табыс);

акциялар, облигациялар, басқа бағалы салымдар (депозиттер) негізінде алған дивиденттер (табыс сыйақты (мүдде);

заңмен тыйым салынбаған басқа да түсімдер табылады.

3.3 Бірлестіктің мүшелерінде олармен Бірлестікке берілген мүлкіне, соның ішінде мүшелік салымдарға мүліктік құқықтары жоқ.

3.4 Бірлестік Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдарға сәйкес өз мүлкімен иеленуді, пайдалануды және қарауды жүзеге асырады.

3.5 Бірлестіктің меншігі Қазақстан Республикасының заңдарымен сақталынады.

## 4. БІРЛЕСТІКТІҢ ТАБЫСЫ ЖӘНЕ ҚОРЛАРЫН ҚҰРУЫ

4.1 Бірлестіктің кәсіпкерлік қызметінің нәтижелері негізінде алынған табыстары және басқа да түсімдер мүшелер арасында бөлінуге жатпайды және оның жарғылық мақсатына жетуіне, қызметінің дамуына, соның ішінде Бірлестіктің жобалары мен бағдарламаларын қаржыландыруға пайдаланады.

Табыс пен басқа түсімдерді пайдалану туралы шешімді осы Жарғыға сәйкес Бірлестіктің Жалпы жиналысы қабылдайды.

4.2 Бірлестікте келесі әртүрлі қорлар құрылу мүмкін (Бірлестіктің даму қоры, материалдық мадақтау, әлеуметтік қоры және басқа да қорлар).

Бірлестіктің қорларының құрылу тәртібі, мөлшері, мол көзі және қаражаттар жұмсалуы оның жоғарғы органымен белгіленеді.

## 5. БІРЛЕСТІКТІҢ ҮЙЫМДАСТЫРУШЫЛЫҚ ҚҰРАЛЫМЫ ЖӘНЕ БАСҚДРУ ОРГАНДАРЫ

5.1. Бірлестікте:

жоғарғы орган - Жалпы жиналысы;

атқарушы орган — Кеңес, оған Төрағасы басшылық етеді;

бақылаушы орган - Тексеру комиссшісы жұмыс істейді.

5.2. Жалпы жиналысы

5.2.1 Бірлестіктің жоғары басқару органы болып қажеттілік шамасында, бірақ жылда бір реттен кем емес мезгілде шақырылатын оның мүшелерінің Жалпы жиналысы табылады.

Жалпы жиналысты өткізу орны және ойланған күн тәртібі Бірлестік Кеңесінің шешімімен белгіленеді.

Жылдық Жалпы жиналыстардың арасындағы мерзім 15 айдан аспауға тиіс.

5.2.2 Бірлестіктің мүшелері жылдық Жалпы жиналыс өткізілгеніне дейін екі ай мерзімнен кешікпей пошта не факс арқылы хабарландырылу керек.

5.2.3 Жалпы жиналыстың кезектен тыс шақырылуы Бірлестік Кеңесінің, оның Төрагасының шешімі бойынша немесе Кеңестің алдына осы мәселені қоятын, не Жалпы жиналысты тікелей шақыратын Бірлестіктің мүшелерінің көпшілік бастамасы негізінде шақырылуы мүмкін.

5.2.4 Егер Жалпы жиналыста кемінде 2/3 басым Бірлестіктің мүшелері (немесе олардың заңды өкілдері) қатысатын болса Жалпы жиналыс шешім қабыладауға хақылы деп есептеледі.

5.2.5 Жалпы жиналыстың жұмысында Бірлестіктің мүшесі болып табылмайтын, бірақ оның қызметіне қатысы бар азаматтар мен ұйымдардың өкілдері дауыс берусіз қатыса алады.

Жалпы жиналыстың ерекше құзіретіне келесі мәселелер жатқызылған:

1. Бірлестіктің аталуының өзгеруі, соның ішінде Бірлестіктің құрылтай құжаттарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу;
2. Бірлестіктің қызметінің басым бағыттарын айқындау;
3. Бірлестіктің басқару органдарының құрылу тәртібін, құзіретін, ұйымдастыру құрылымын және олардың өкілеттіктерін тоқтату тәртібін белгілеу;
4. атқарушы органдарының қаржы есеп берулердің тәртібін және мерзімін, және де тексеруші органмен тексерулер жүргізу тәртібін белгілеу және олардың нәтижелерін бекіту;
5. Бірлестікті өз еркімен қайта құру және тарату жөнінде шешім қабылдау, тарату балансын бекіту;

6. заңды актілерінде белгіленген шегімен, Бірлестікпен басқа заңды тұлғаларды құруына немесе олардың қызметіне қатысу құру туралы шешім қабылдау;
7. кәсіпкерлік қызметінің қорытындысы бойынша түскен түсімдер мен табыстарды пайдалану жөнінде шешім қабылдау;
8. Бірлестіктің қызметіне қатысты басқа да мәселелерді қарастыру.

5.2.6 Жалпы жиналыстың барлық шешімдері және оған сайлануы Жалпы жиналыста қатысатын Бірлестік мүшелерінің ашық немесе жабық дауыс берумен жай көпшілік дауыспен өткізіліп қабылданады. Бірлестіктің әр мүшесі бір дауысқа ғана ие болады.

5.2.5 -тармакшаның 1), 3) жоне 5) бөліктерінде аталған мәселелер бойынша шешім Бірлестік мүшелерінің Жиналысына қатысқандардың 2/3 дауысымен қабылданады.

5.3. Бірлестіктін Кенесі.

5.3.1 Бірлестіктің Кеңесі күнделікті жұмыс істейтін атқарушы басқару органы болып табылады, ол өз қызметің жылдық Жалпы жиналыстар арасындағы мерзімде іске асырады. Басқарма Бірлестіктің Жиналысымен оның мүшелері арасынан 3 жыл мерзімге тақ саныда қалыптастырылады.

5.3.2 Басқарма Бірлестіктің Төрағасы басшылық етеді. Төрағадан басқа, Кеңестің құрамына Төрағаның орынбасарлары және Кеңестің мүшелері кіреді.

5.3.3 Бірлестіктің Кеңесі:

Жалпы жиналыстың әзірлеуін және өткізуін қамтамасыз етеді, Бірлестіктің қызметінде жарғылық талаптарын орындалуына бақылау жүргізуді ұйымдастырады;

Төрағаның ұсынысы бойынша Кеңестің мүшелерінің арасында міндеттерді боліп береді;

Бірлестіктің штаттық жұмысшыларының қызмет нұсқаусын және оларды күту шығыс сметасын бекітеді, құрылымы мен санын белгілейді;

Бірлестікке жаңа мүшелерді қабылдайды немесе оларды Бірлестік мүшелері санынан шығару туралы шешім шығарады;

Бірлестіктің мүшелерімен енгізілетін кіріс және мүшелік жарналарды төлеу тәртібін және мөлшерін бекітеді;

Бірлестіктің қызметі бойынша әдістемелік және нұсқаулы құжаттарды қабылдайды;

Жалпы жиналыстың шешімдерін орындауды қамтамасыз етеді, Бірлестіктің мүшелерімен бірігіп әрекет жасаудан нақты жоспарлары мен бағадарламаларын дайындауды және орындауды ұйымдастырады;

Жалпы жиналыстың қарауына шығарылатын мәселелерді алдын ала талқылайды;

қаржылық есептерді, шығыс сметасын бекітеді және оны сақтау туралы есепаті тыңдайды;

Бірлестіктің баспа органдарын, оның өндіріс-шаруашылық бөлімшелерін құру туралы шешім шығарады;

осы Жарғыға сәйкес Бірлестіктің ағымдағы қызметіне қатысты және Жалгіы жиналыстың құзыретіне жатқызылмаған озге де мәселелерді қарастырып шешеді.

5.3.4 Кеңестің мәжілістері қажеттілік шамада, бірақ айында бір реттен кем емес мерзімде отқізу керек. Күнтізбелік жыл аяқталғанда Кеңестің есептік мәжілісі өткізілуге тиіс.

Кеңестің кезектен тыс мәжілістері Басқарма мүшелерінің көпшілік бастамасы бойынша немесе Бірлестік мүшелерінің үштен екі басым талап еткені бойынша шақырылу мүмкін.

5.3.5 Егер Кеңестің мәжілісінде оның барлық мүшелері (немесе олардың уәкілетті өкшдері) қатысатын болса, Басқарма шешім қабылдауға хақылы.

Кеңестің шешімдері оның мүшелерінің жай көпшілік дауыс беруімен қабылданады, олар хаттама жасаумен рәсімделеді және оған Төрағасы мен Кеңестің басқа мүшелері қолдарын қою керек.

Дауыс теңдік болған жағдайда Басқарма Төрағасының дауысы шешім шығарушы деп есептеледі. Кеңестің отырыстарында Басқарма мүшесі Кеңестің басқа мүшелеріне оның өкілі болу үшін тапсыруға жол берілмейді

5.3.6 Басқарма Төрағасы (осыдан ары қарай Бірлестіктің Төрағасы) Бірлестіктің және оның Кеңесінің қызметіне тікелей басшылық етеді.

5.3.7 Бірлестіктің Төрағасы:

Кеңестің отырыстарын шақырады және оларға төрағашылық етеді, оның шешімдеріне қол қояды;

Жалпы жиналыстың және Кеңестің шешімдерін орындалуын және олардың орындалуына бақылау жүргізуді ұйымдастырады;

Қазақстан Республикасының аумағындағы және оның шет аймақтарындағы ведомстволарда, мекемелер мен кәсіпорындарда Бірлестіктің мүддесін көрсетеді;

Бірлестіктің атынан сенімхатсыз іс жүргізеді;

Бірлестіктің жұмыс құжаттарына қол қояды, сенімхаттар береді, қаржы-шаруашылық құжаттарға біріншіден қол қоюға құқысы бар;

Бірлестіктің атынан келісімдер, шарттар, контрактар жасайды;

Жалпы жиналыстың және Кеңестің қалауына шығарылатын мәселелерді, не тиісті құжаттардың жобаларын дайындалуын ұйымдастырады;

Бірлестіктің іс жүргізу жұмысының жағдайы негізінде және құжаттардың сақталуы бойынша жауап береді;

Бірлестікпен және оның құрылымдық бөлімшелерімен қоғамдық бірлестіктердің қызметін белгілейтін зандарды сақтау негізінде жауапкершілікте болады;

штаттық аппаратын құрастырады (заңмен белгіленген тәртіппен тағайындайды және іске алған қызметінен босатады) және оның жұмысының нәтижелілігін қамтамасыз етеді;

Бірлестіктің өндірісттік-шаруашылық және басқа да жұмысшы бөлімшелердің басшыларын тағайындайды және қызметінен босатады;

мамандарды, жұмысшыларды және қызметкерлерді еңбек келісімі бойынша уақытша жұмысқа шақыруға құқысы бар;

банкілік есеп-шоттарды ашады, Бірлестіктің мүлкіне және басқа қаражаттарына олардың тағайындалуына сәйкес билік жүргізеді;

Бірлестік Жиналысының және Кеңестің шешімдері бойынша басқа да уәкілдер үлестіріп беріледі.

5.3.8 Төрағаның орынбасары:

Жалпы жиналыстың және Кеңестің шешімдерін пайдаға асыруын ұйымдастырады және орындалуына бақылау жүргізеді;

Төраға болмаған кезде оның міндеттерін атқарады;

Жалпы жиналыстың және Кеңестің қалауына шығарылатын мәселелерді, сондай-ақ тиісті құжаттардың жобаларын дайындауды ұйымдастырады;

Бірлестіктің іс жүргізу жұмысын және құжаттардың сақталуын ұйымдастырады;

Төрағаиың тапсырмасы бойынша оның бөлек қызметерін орындайды;

Жалпы жиналыстың және Кеңестің шешімдері бойынша басқа да уәкілдер үлестіріп беріледі.

5.4 Тексеру комиссиясы.

5.4.1 Бірлестіктің Жалпы жиналысымен 3 адам санынан 3 жыл мерзімге сайланатын тексеру комиссиясы Бірлестіктің кдржы-шаруашылық қызметіне бақылауды жүзеге асырады, есептер мен есеп берулердің күйін, шығыстар жүйесінің орындалуын тексереді. Тексерулер жылда бір реттен кем емес мезгілде жүргізілу керек, Тексеру комиссиясы өз жұмысы туралы есептерді Бірлестіктің Жалпы жиналысына бекітілуіне беруге тиіс. Тексеру комиссиясы тек кдна Бірлестіктің Жалпы жиналысына есеп береді.

Бірлестік Кеңесінің және басқа басқарушы органдарының мүшелері Тексеру комиссиясының мүшелері бола алмайды.

5.4.2 Тексеру комиссиясының мәжілістері тексеру комиссиясының Төрағасымен бекітілген жұмыс тәртібіне сәйкес жүргізіледі.

Егер тексеру комиссиясының Төрағасы болмаған жағдай болса комиссиясының практикалық қызметін оның хатшысы ұйымдастырады.

5.4.3 Егер тексеру комиссиясы мүшелерінің кімі де болса белгіленген мерзім өткеніне дейін шығып кеткен болса, оның құрамы осы жарғыда көзделген санына дейін толықтырылу керек және олар Жиналыста бекітіледі.

5.5 Бірлестіктің басқару мен бақылау органдарының міндеті, жұмыс тәртібі Қазақстан Республикасының қолданылатын заңдарына және Бірлестіктің Жарғысына сәйкес белгіленеді.

## 6. БІРЛЕСТІКТІҢ КУҚЫҚТАРЫ МЕН МІНДЕТТЕРІ

6.1 Бірлестік Қазақстан Республикасының зандары бойынша заңды тұлға болып табылады. Бірлестіктің құқысы мен міндеттері Қазақстан Республикасының қолданылатын заңымен және осы Жарғымен белгіленеді.

6.2 Бірлестік өзінің жарғылық мақсаттарына жету үшін:

занда белгіленген тәртіппен банкілік шоттар ашуға;

мемлекеттік және орыс тілдерінде өз атауы толық көрсетілген мөр, штамп, бланкілер және өзге де реквизиттер жасауға;

өз меншігінде жекеленген мүлкі және де дербес балансы немесе сметасы бар;

мүліктік және жеке мүліктік емес құқықтар алуға және іске асыруға;

егер заңда басқа жағдайлар көзделмесе, басқа заңды тұлғаларды құруға;

өзінің филиалдары мен өкілдіктерін құруға;

қауымдастықтарға (одақтарға) кіруге және олардың қызметіне қатысуға;

жарғыда көзделген мақсаттарды іске асыру үшін қаражатпен пайдалануға;

сотта талагікер және жауапкер болуға;

белгіленген тәртіппен банктік несиелер алуға және пайдалануға;

өз қызметі туралы хабарды таратуға;

баспа қызметін жүзеге асыруға, жеке меншік бұқаралық ақпарат құралдарын құруға және шығаруға;

өз атынан шарттар жасауға, мәмілелер жасауға және міндеттемелерін орындауға;

мердігерлік шарттар негізі бойынша жеке жұмыстарды орындау үшін мамандарды, творчестволық және жұмыс ұжымдарын тартуға;

заңдармен белгіленген тәртіппен қайырымдылық және де шаруашылық шараларды қаржыландыру және несие беруге;

заңмен белгіленген тәртіп шеңберінде ақпараттық және сыртқы экономикалық қызметін жүзеге асыруға;

ҚР қолданудағы заңдар шегінде Қордың жарғылық мақсаттары мен міндеттерін орындауға бағытталған кәсіпкерлік қызметін жүзеге асыруға;

бұралақ ақпарат құралдары үшін аудио-, бейне өнімдерін және басқа да хабар таратылатын материалдарын жасауға;

өз отанымыздағы және шет елдердегі ұйымдар мен азаматтарды қатыстыра отырып семинарлар, конференциялар, конгресстерді және басқа шараларды өткізуге;

жиналыстар, митингтер, демонстрациялар, салтанатты шеру мен пикеттеулер өткізуге;

халықаралық байланыстарды іске асыруға және көтермелеуге, сайма-сай келісімдер жасауға, халықаралық коммерциялық емес үкіметсіз бірлестіктерге коллективтік мүшесі ретінде кіруге;

әртүрлі мемлекеттер арасында мамандармен мәдени және кәсіби алмасуды іске асыруға, Бірлестіктің қызметіне қатысу үшін шетелдік азаматтарды шақыруға, шет елде оқу үшін қазақстандық азаматтарын жіберуге, оларға визалық көмек көрсетуге, халықаралық семинарлар мен конференцияларды өткізуге;

қоғамдық пікірін сүрауды жүзеге асыруға;

қайырымдылық шараларды өткізуге;

Қазақстан Республикасының және басқа елдердің ұйымдардан, мекемелерден және жеке тұлғалардан ақысыз немесе қайтыс негізінде, соның ішінде еркін конверсияланатын валютамен қаржылық көмек және несие алуға.

6.3 Бірлестік басқа қоғамдық бірлестіктерімен қоса одақтарға (қауымдастақытарға) кірісуге, сондай-ақ халықаралық одақтардың (қауымдастықтардың) қатысушысы болуына құқылы.

6.4 Бірлестік:

Қазақстан Республикасының заңдарын және де осы Жарғымен көзделген нормаларын сақтауға;

Қазақстан Республикасының заңдарын сақтауға;

салық және басқа да міндетті түрде төлемдерді белгіленген тәртіппен төлеуге;

өз міндеттемелері бойынша өзіне жататын мүлікпен жауап беруге;

Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес жауапкер болуға міндетті;

өзінің мүшелеріне олардың құқылары мен мүдделеріне тиеселі құжаттар мен шешімддермен танысуға;

Бірлестіктің қаржылар түсуі және жұмсау туралы өзінің мүшелеріне хабардар етуге;

тіркеуден өткізген органға Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің ұлттық тізіліміне енгізілетін мәліметтер көлемінде үнемі жұмыс жасайтын басқару органының мекен-жайы және басшылар туралы мәліметтер өзгеруі туралы хабардар етуге міндетті.

6.5 Бірлестік өз міндеттемелері бойынша өзіне тиесілі барлық мүлкімен жауап береді. Қолданылатын заңдарда көзделген жағдайларды қоспағанда, Бірлестік өз мүшелерінің міндеттемелері бойынша жауап бермейді, ал мүшелер Бірлестіктің міндеттемелері бойынша жауап бермейді.

## 7. БІРЛЕСТІК МҮШЕЛЕРІНІҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

7.1 Бірлестікте мүшелік жеке. Бірлестіктің жеке мүшелері болып Қазақстан Республикасының азаматтары, сондай-ақ Бірлестіктің принциптері мен мақсаттарын бөлісетін және оның Жаргысын мойындайтын азаматтыгы жоқ адамдар мен шетелдік азаматтар бола алады.

7.2 Бірлестіктің жеке мүшелігіне қабылдау және мүшеліктен шыгу азаматтың жазбаша өтініші негізінде Бірлестіктің Кеңесімен оның мүшелерінің жай көпшілік ашық дауыс беру жолымен шешім шыгарылады, мұндай шешім одан кейін Бірлестік мүшелерінің Жалпы жиналысында бекітілу керек.

7.3 Бірлестіктің мүшесі:

творчестволық бостандыққа;

Бірлестіктің басқару органдарыиа сайлауға және тагайындалуына;

өзінің құқысы мен мүддесіне қатысты күжаттар және шешімдермен танысу, сондай-ақ Бірлестіктегі өзінің қызметін талқылауга қатысу;

Бірлестіктің қызметі жөнінде және де Бірлестіктің қаржыларын түсуі және жүмсау туралы толық мәлімет алуга;

Бірлестіктің қарауына жататын творчестволық, зандылық және әлеуметтік көмектің барлық түрлерімен пайдалануга;

халықаралық творчестволық және коммерциялық ұйымдарда қатысуға, шет елде творчестволық қызмет жүргізуге;

Бірлестіктің қызметін жақсарту жөнінде үсыныс жасауга, мәселелерді қоюға және талқылауға;

Бірлестіктің мүшелері құрамынан шығуга құқылы.

7.4 Бірлестіктің мүшесі:

Бірлестік Жаргысының ережелерін және басқару органдарының шешімдерін бүзбауга;

Бірлестіктің жұмысына белсенді қатысуға, оның көзқарасы мен қағидаларын қорғауға;

өзінің мүшелік жарналарын уақытында енгізуге;

Кеңестің, тексеру комиссиясының құрамын, төраганы сайлау/қайта сайлау, Бірлестіктің Жаргысын не оның жұмысы жөніндегі жылдық жоспарын қабылдау туралы мәселелер бойынша шешім шығаруға қойылған Бірлестік мүшелері Жиналысының мәжілістерінде міндетті тұрде қатысуға міндетті.

7.5 Бірлестіктің мүшесі оның жаргылық нормалары мен ішкі регламентін орындамаганы үшін; өзіне жүктелген міндеттерді орындамаган үшін; белгіленген уақыгта мүшелік жарнаны төлемегені үшін шығарылуы мүмкін. Бірлестіктен мүшені шыгарып тастауы Бірлестік Кеңесінің шешімімен іске асырылады.

## 8. БІРЛЕСТІКТІҢ ЖАРҒЫСЫНА ӨЗГЕРІСТЕР МЕН ТОЛЫҚТЫРУЛАРДЫ ЕНГІЗУ

8.1 Осы Жарғыга өзгерістер мен толықтырулар тек Бірлестік мүшелері Жиналысының шешімімен ғана енгізілуге тиіс, өзгерістер мен толықтырулар осы Жаргының 5-тарауындағы 5.2.4.- тармақта белгіленген тәртіпте және қолданылатын заңдарга сәйкес енгізіледі.

8.2 Бірлестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар, егер оларга, Жалпы жиналыстың мәжілісіне қатысқан Бірлестік мүшелерінің жалпы санынан 2/3 дауыс берген болса, енгізілген деп есептеледі. Бірлестіктің Жарғысына өзгерістер мен толықтырулар оларды Жиналыс бекіткен кезеңінен бастап күшке енеді және олар заңда белгіленген тәртіппен әділет оргынында тіркелуге тиіс.

## 9. ҚАРЖЫ ЖЫЛ ЖӘНЕ ЕСЕП БЕРУІ

9.1 Бірлестіктің қаржылық жылы күнтізбелік жылына сәйкес келеді.

9.2 Бірлесті.2 ктің бухгалтерлік есебі және статистикалық есеп беруі қолданылатын заңдармен белгіленген тіртіппен жүргізіледі.

9.3 Бірлестік жылдық қаржылық есебінің дұрыстығы үшін жауап береді. Жылдық қаржылық есебінің дұрыстығы тексеру комиссиясымен расталуы керек.

Бірлестік қаржылық есебінің дұрыстығын растауы үшін Бірлестікпен, оның мүшелерімен және басқару органдарының мүшелерімен мүліктік мүддесіне қатыспайтын кәсіперлі аудиторды таратуға мүмкін.

Аудиторлық тексеруі Бірлестік мүшелерінің талабымен әрбір уақытта тексерілуі керек.

## 10. БІРЛЕСТІКТІҢ ҚЫЗМЕТІН ТОҚТАТУ

10.1 Бірлестіктің қызметін тоқтатылуы:

Бірлестіктің Жалпы жиналысының шешімі бойынша;

Қазақстан Республикасының зандарымен көзделген жағдайда сот шешімі бойынша қайта үйымдастыру және тарату жолымен жүзеге асырылады.

10.2 Бірлестікті қайта үйымдастыру (қосу, біріктіру, бөлу, бөліп шығару, өзгерту) зандарда көрсетілген тәртіппен жүргізіледі.

Қосылу нысанда қайта үйымдастырылған жағдайды санамағанда, жаңа құрылған бірлестіктер тіркелген кезеңнен бастап Бірлестік қайта үйымдастырылған деп саналады.

10.3 Қайта үйымдастырылған кезде Бірлестіктің құқықтары мен міндеттері Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес Жалпы жиналысымен белгіленген тәртіппен және шарттарға сәйкес оның мирасқорларына беріледі.

10.4 Бірлестіктің таратылуы қолданылатын зандарда көзделген тәртібімен және мерзімде Жалпы жиналысымен немесе сотпен тағайындалатын тарату комиссиясымен іске асырылады.

Тарату комиссиясы тағайындалған кезеңінен бастап оған Бірлестіктің ісін басқаруға уәкіл беріледі.

10.5 Жалпы жиналыстың шешімі бойынша таратылған кезде бюджетпен есеп айрысқан және несие берушілердің талаптарын қунағаттандырылғаннан кейін қалған Бірлестіктің мүлкі осы Жарғыда көзделген мақсаттарға бағытталады және үқсас мақсаттары мен міндеттері бар басқа ұйымға беріледі

10.6 Бірлестіктің таратылуы қолданылатын заңдармен көзделген тәртібі бойынша Бірлестікті тіркеген органымен жүзеге асырылады.

10.7 Бірлестіктің таратылуы аяқталды, ал коммерциялық емес үйым өз қызметін тоқтатты деп бүл жөніңде мәліметтер Бизнес-сәйкестендіру нөмірлерінің үлттық тізіліміне енгізілгеннен кейін есептеледі.

## 1. ОБЩИЕ ПОЛОЖЕНИЯ

1.1 Общественное объединение «**Организация инвалидов Мейірімділік хикаясы**», именуемое в дальнейшем "Объединение", создано путём добровольного объединения граждан на основе близости их культурных и общественных принципов и интересов.

1.2 Объединение приобретает права юридического лица с момента государственной регистрации и осуществляет свою деятельность в рамках Конституции Республики Казахстан, Гражданского кодекса Республики Казахстан, Законов Республики Казахстан "Об общественных объединениях" от 31.05.1996 г. и "О некоммерческих организациях" от 16.01.2001 г., иных нормативных правовых актов Республики Казахстан на основании настоящего Устава.

1.3 Статус Объединения - местное общественное объединение, действующее на территории Алматинской области. Объединение не имеет структурных подразделений (филиалов и представительств).

1.4 Наименование Объединение:

на государственном языке: «**Мейірімділік хикаясы мүгедектер ұйымы** қоғамдық бірлестігі, сокращённо «**Мейірімділік хикаясы МҰ**» ҚБ;

на русском языке: Общественное объединение «**Организация инвалидов Мейірімділік хикаясы**», сокращённо ОО «**ОИ Мейірімділік хикаясы**».

**1.5 Место нахождения (адрес) Объединения: Республика Казахстан, Алматинская область, Илийский район, Байсеркенский сельский округ, 040797, село Коянкус, ул. А.Иманов, д114.**

1.6 Срок деятельности Объединения не ограничен.

## 2. ЦЕЛИ И ПРЕДМЕТ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

2.1 Объединение образовано в целях:

поддержки и обеспечения рабочими местами лиц с ограниченными возможностями;

защиты прав и законных интересов инвалидов;

достижения инвалидами равных с другими гражданами возможностей участия во всех сферах жизни общества;

интеграции инвалидов в общество;

помощи инвалидом в получении достойного заработка.

2.2 Предметом деятельности Объединения является:

